

**Әлеуметтік жәрдемақы, балалы отбасыларға өтемақы төлеу және алимент төлеу саласындағы азаматтардың құқықтық кепілдіктері туралы Келісімді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 ақпан N 202

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Россия Федерациясы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина Үкіметтері жасасқан, Москва қаласында 1994 жылғы 9 қыркүйекте қол қойылған Әлеуметтік жәрдемақы, балалы отбасыларға өтемақы төлеу және алимент төлеу саласындағы азаматтардың құқықтық кепілдіктері туралы Келісім Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне бекітуге енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Жоба

Балалы отбасыларына әлеуметтік жәрдемақы, өтемақылар  
мен алименттер төлеу саласындағы азаматтардың құқына  
кепілдік туралы

Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, өз Үкіметтерінің атымен осы Келісімге қатысушы мемлекеттер,

әрбір Тараптың балалы азаматтарға кепілді мемлекеттік әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыру тиістігін мойындай отырып,

балалы және осы Келісімге қол қойған мемлекеттердің аумағында тұратын азаматтардың құқын қорғаудың қажеттігін негізге алып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаты үшін қолданылған төмендегі терминдер мынадай мағыналарды білдіреді:

"азаматтар" - Тараптардың бір мемлекетінің азаматы, қандай да бір болмасын Тараптың аумағында тұратын азаматтығы жоқ адамдар және шет ел азаматтары;

"балалы азаматтарға кепілді мемлекеттік әлеуметтік кепілді мемлекеттік әлеуметтік көмек" - Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес балалы азаматтарға мемлекеттік,

әлеуметтік жәрдемақы мен өтем ақылар тағайындау және төлеу;

"ұлттық заңдар" - қандай да бір болмасын Тарап аумағында қолданылып жүрген балалы отбасыларына мемлекеттік әлеуметтік көмектер мен алименттер саласындағы мемлекеттік жоғары өкіметтің жоғары органдарының заңдары, жарлықтары, қаулылары, сондай-ақ нормативтік-құқықтық актілер;

"құжаттар" - әлеуметтік жәрдемақы мен өтем ақылар және алимент тағайындау мен төлеу үшін ұлттық заңдарда қарастырылған туғаны туралы куәлік, тұратын жерінен анықтама, жұмыс орнынан анықтама және басқа да құжаттар;

"белгіленген тәртіп" - балалы отбасыларына әлеуметтік жәрдемақы мен өтем ақылар және алименттер тағайындау мен төлеудің ұлттық заңдармен белгіленген мөлшері мен шарттары.

## 2-бап

Осы Келісім ұлттық заңдармен белгіленген немесе қабылданатын балалы отбасыларына кепілді мемлекеттік әлеуметтік көмектер мен алименттер төлеудің барлық түрлеріне қолданылады.

Әрбір Тарап өзінің аумағында балалы адамдардың кепілді мемлекеттік әлеуметтік көмек алуына қандай да бір болмасын азаматтық белгісі бойынша шектеу қоймайды.

## 3-бап

Балалы азаматтарға кепілді мемлекеттік әлеуметтік көмек бала ата-анасының біреуі мен (оның орнындағы адам) тұрып жатқан аумақтағы Тараптың ұлттық заңдары белгілеген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Басқа Тараптың аумағында тұрып жатқан бір Тараптың әскери құрамаларының әскери қызметшілерінің арасындағы балалы отбасыларына әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар тұрған Тарабының заңдарында көзделген мөлшерлер мен шарттарда әскер құрамалар қарайтын Тараптың бюджетінен бөлінген қаражат есебінен жұмыс (қызмет) орны бойынша төленетін болған жағдайларда, ал өзге реттерде - келген Тарабының азаматтарына көзделген тәртіппен белгіленеді.

## 4-бап

Осы Келісім бойынша өз мемлекеттерінің шекараларынан тысқары жерлерде жұмыс істейтін азаматтардың еңбек қызметі мен әлеуметтік қорғалуы туралы екіжақты келісімдерде өзгеше ештеңе қарастырылмаса, осы Келісім бойынша әлеуметтік жәрдемақылар мен өтемақылар төлеу жөніндегі шығындарды аумағында балалы азаматтар тұрақты түрде тұратын Тарап өзара есеп айырысуларсыз өз мойнына алады.

## 5-бап

Тараптардың азаматтарына алименттер белгілеу мен өндіріп алу (төлету) олар

тұрған аумақтағы Тараптың ұлттық заңдарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады

#### 6-бап

Тараптар алименттік істер жөніндегі сот шешімдерін мойындайды және орындалуын қамтамасыз етеді.

#### 7-бап

Тараптар өздерінің аумағына тұрақты немесе уақытша келген жеке адамдардың алименттері, балалы отбасыларының әлеуметтік жәрдемақылары мен өтемақылары бойынша ақша қаражаттарын банк және (немесе) почта байланысы мекемелері арқылы еркін аударуды және төлеуді басым тәртіппен қамтамасыз етеді.

Балалы отбасыларына алименттер мен басқа да өтемақылар төлеу бойынша ақша қаражатын аудару әлеуметтік мәні бар саудасыз төлемдер бойынша азаматтарға ақша қаражатын аудару туралы үкіметаралық келісіммен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

#### 8-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында Тараптар:  
ұлттық заңдарды ынтымақтастық жолымен жақындастыру саясатын жүргізетін;

өз мемлекеттерінде қолданылып жүрген әлеуметтік заңдар мен олардағы өзгерістер туралы бір-бірін, оның ішінде Еңбек, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі консультативтік кеңес арқылы да хабарландыратын болады.

#### 9-бап

Белгіленген тәртіппен бір Тараптың аумағында осы Келісімді жүзеге асыру мақсатында берілген құжаттар немесе олардың куәландырылған көшірмелері басқа Тараптың аумағында ресмилендірілмей қабылданады.

#### 10-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар мүдделі Тараптардың

келіссөздер жүргізуі жолымен және Тараптардың бірінің өтініші бойынша құрылған келістіруші комиссияны қоса алғанда, басқа да жалпы танылған құралдармен шешіледі.

#### 11-бап

Өзара уағдаластық бойынша Тараптар осы Келісімге қажетті толықтырулар мен өзгертулер енгізе алады, олар тиісті хаттамалармен рәсімделіп, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

#### 12-бап

Осы келісім қатысушы-мемлекеттердің қажетті мемлекетішілік процедуралардың орындалғанын растайтын жазбаша хабарламаларын үш Тарап депозитарийге өткізген күннен бастап күшіне енеді.

#### 13-бап

Осы Келісім оған қосылғысы келген, оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін басқа мемлекеттер үшін осылай қосылуы туралы құжаттарды депозитарийге өткізуі арқылы ашық.

#### 14-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалып, әр кез сайын өзінен-өзі бір жылға ұзартылатын болады. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнен өзінің шығатындығы туралы ниетін тиісті кезең аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын бұл туралы депозитарийге жазбаша түрде хабарлау жолымен өтініш жасай алады.

#### 15-бап

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес туындаған балалы азаматтардың әлеуметтік құқықтары әлдебір Тарап Келісімнен шыққан жағдайда да өз күшін жоймайды.

Осы Келісімге қатысу кезеңінде туындаған балалы отбасыларына әлеуметтік жәрдемақылар, өтем төлемдері мен алименттер төлеу жөніндегі Тараптардың міндеттемелері әлдебір Тарап одан шыққан жағдайда толық орындалғанша өз күшін сақтайды.

1994 жылы 9 қыркүйекте Москва қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Беларусь Республикасы Үкіметінің Архивінде сақталады, оның куәландырылған көшірмесін ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жібереді.

Әзірбайжан Республикасының Үкіметі үшін	Молдова Республикасының Үкіметі үшін
Армения Республикасының Үкіметі үшін	Россия Федерациясының Үкіметі үшін
Беларусь Республикасының Үкіметі үшін	Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін
Грузия Республикасының Үкіметі үшін	Түрікменстан Республикасының Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін	Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін
Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін	Украина Үкіметі үшін